

Қармақшы ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күшін жою туралы

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 06 мамырдағы № 245 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ Заңдарына сәйкес Қармақшы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қармақшы ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Қармақшы ауданы әкімінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 662 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 26 наурыздағы № 4924 тіркелген, "Қармақшы таңы" газетінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 24 (9377));

2) "Қармақшы аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Қармақшы ауданы әкімінің 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 638 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 13 ақпандағы № 4871 тіркелген, "Қармақшы таңы" газетінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 16 (9369));

3) "Қармақшы аудандық ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Қармақшы ауданы әкімінің 2015 жылғы 25 қарашадағы № 115 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 5252 тіркелген, "Қармақшы таңы" газетінің 2015 жылғы 26 желтоқсандағы № 100 (9453)).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қармақшы ауданы әкімі аппаратының басшысы Б. Шерниязовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы ауданының әкімі

С. Мақашов